



«Бекітемін»
Мектеп директоры
Б.Туркулов

№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Ата-аналармен жүргізлетін жиналыстың жоспары
2022-2023 окуйында.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
I-жиналыс			
1	Өткен окуйында қорытынды, жаңа окуйында арналған жоспарларды бекіту.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау		Мектеп әкімшілігі
3	«Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» баяндама		М.Дүйсенов, ДТДЖО
5	Мектеп заңнамасымен таныстыру. Мектеп формасы мәселесі.		Ж.Атақурова, ДТДЖО
6	Ата-аналармен келісімшартқа түру.		Сынып жетекшілер
II-жиналыс			
1	I-тоқсаның окуйындылары	Караша	Мектеп әкімшілігі
2	Перзентіңдің қуанышпен мектепке барғанын қалайсыз ба? Баяндама		А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог
3	Оқушылармен жұмыс. Оқушылардың білім сапасын жетілдіру.		Н.Сапарбаева,ДТДЖО
III-жиналыс			
1	II-тоқсан окуйындылары. ҰБТ және ББЖМ	Қантар	Мектеп әкімшілігі
2	Сабактан себепсіз қалу жағдайларының бала психологиясына әсері туралы баяндама жасау.		А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог
3	Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу және олардың әлеуметтік қорғалуы туралы баяндама жасау.		К.Ауеханова, құқық пәні мұғалімі
3	Түрлі мәселелер		
IV-жиналыс			
1	ҰБТ-ға дайындық.	Наурыз	Н.Сапарбаева, ДОДЖО
2	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары		М.Дүйсенов,ДТДЖО
3	Түрлі мәселелер		
V-жиналыс			
1	IV-тоқсаның окуйындылары.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
2	Жаз айларындағы оқушылардың өмір қауіпсіздігін алдын алу туралы		М.Дүйсенов, ДТДЖО
3	Жазғы сауықтыру жұмысы туралы		М.Дүйсенов, ДТДЖО
4	ҰБТ. Емтихандар.		Н.Сапарбаева,ДОДЖО
5	Түрлі мәселелер		

Жоспарды түзген: М.Дүйсенов, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

№28 «Макташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ

Ата-аналар жиналышының

№2 хаттамасы

Өтілетін күні: 08.09.2022ж.

Өтетін орны: Думан зал

Уақыты: 10.00

«Мектеп формасы» тақырыбында өтетін ата-аналар жиналышы

Күн тәртібінде

1. К.Р. Білім және Ғылым министрлігі 14 ақпан 2016 жылғы №26 бұйрығымен таныстыру.

М.Дүйсенов

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

1. Мектеп формасының бірынғай стандартының сақталуы және білім беру мекемелерінің мектеп формасын киоі туралы талаптарымен таныстыру

Ж.Атакулова

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Тындалды:


1. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дүйсенов сөз алғып, ата-аналарды К.Р. Білім және Ғылым министрінің 14 ақпан 2016 жылғы №26 «жалпы білім беретін мекемеге» мектеп формасын кио туралы талаптарымен таныстыруды. Ата - аналар комитетінің төрағасы Н.Тажиевтің катысуымен және мектептің педагогикалық қеңесінің шешімі бойынша мектеп оқушыларының формасы қара көк түс екенін белгілі. Оған 2017-2018 оқу жылында көшкенін білесіздер, сол қара көк түсті мектеп формасының сақталатынын айтып өтті.
2. 2-ші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Атакулова сөз алғып, мектеп формасы қандай болу керек екенін тағы да қайталап айтты. Ұл балаларға қара көк түсті костюм шалбар, ақ жейде кио керек. Мектепте хиджап, никаб,

паранджа, қалпак, әр түрлі түсті орамалдар салуға, алқа, крест тағы басқа заттарды тағуға тиым салынатындығын айтып өтті. Мектеп фойесінде мектеп формасының ілініп тұрганын айта келіп және әр ата – ана балаларын мектеп формасымен қамтамасыз етуіне көніл бөлуін талап етті. Егер жоғарыдағы айтылған талаптарды орындалмаған жағдайда:

3. Ата – аналар құқықты жауапкершілікке тартылады, аудандық білім және ішкі саясат бөлімшесіне хабарлайды.
4. Екі жұмыс күннің ішінде талаптар орындалмаса, онда құқық қорғау мекемелері және психологиялық қызмет көрсету орталығы сол ата – аналармен жұмыс жүргізілгендей
5. ата – аналар мектеп талабын және формасы туралы талаптарды орындаған жағдайда аудандық, облыстық құқық қорғау мекемелеріне жауапқа тартылатындығы туралы тағы да ескертті.
6. Қ.Р. білім туралы заңының 47 бабының 1-15 пунктінде оқушыларға міндетті түрде мектеп формасын кию, Қ.Р. Заңының 49 бабы 2,6,7, пунктінде ата – аналар осы талаптарды орындаудын талап ету, және ата – аналар балаларын мектеп формасымен қамтамасыз ету айтылды.
Жалпы ата – аналар жиналышы қаулы етеді.

Шешімі:

1. Қ.Р. Білім және Ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 акпандагы бекітілген мектеп формасының стандартқа сай сакталуын қадағалансын.
2. Жалпы білім беретін мекемелердегі мектеп формасының талаптарының орындалуы әрбір сынып жетекшісінен және ата – аналардан талап етілсін.
3. Мектепке хиджаб, никаб, орамал т.б. заттарды тағуға салуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дүйсеновке тапсырылсын.
4. Мектеп психологтары А.Сармантаева, Р.Дүйсенова мен мектептің әлеуметтік педагогі А.Кульгиноваға мектеп оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу тапсырылсын.

Жиналыш төрағасы:  М.Дүйсенов

Хатшы:  Н.Рахымбаева

№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ

Ата-аналар жиналышының

№3 хаттамасы

Өтілетін күні: 10.11.2022ж.

Өтетін орны: Думан зал

Уақыты: 12.00

Күн тәртібінде

- 1 тоқсанда тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстардың корытындысы.

M.Дүйсенов

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2. Ұлдар кеңесі мен қыздар кеңесінің жұмыс есебі

H.Оспан, ұлдар кеңесінің төрагасы

M.Аметова, қыздар кеңесінің төрайымы

3. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбында сауалнама

A.Сармантаева, Р.Дүйсенова мектеп психологтары

Тындалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дүйсенов сөз алғып, ата-аналарды 2022-2023 оку жылының бірінші тоқсанында атқарылған жұмыстарға талдау жасап өтті. Тәртіп бұзудың алдын алу жұмыстары ата-аналар қауымдастығымен жұмысты дұрыс жолға койғанда ғана нәтижесін беретіні анық. Осыған орай өткен оку жылында мектебіміздің тәрбие орталығы ата-аналармен жоспарға сай жүйелі жұмыс жүргізді. 2022-2023 оку жылына арналған мақсат міндеттерге тоқталып өтті. 1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірме жұмыстарын жандандыру. 2. Тәрбие сагаттарының мазмұнын, форматын өзгерту. 3. Тәртіп бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі құқықтық білім беру жұмысы жаңдандырылсын. 4. Сынып жетекшілер тарағынан тәртібі қыны балалармен мектеп психологтармен біріге отырып, жұмыс жүргізсін. 5. Ата- аналармен бала тәрбиесіндегі

проблемалар іс-шараларга байланысты жұмыс түрін бірлесе отырып жүргізу керек екендігін айтты отті.

Екінші мәселе бойынша қыздар кенесінің торайымы М.Аметова соз алды: Отбасы-адам баласының осіп-онер, қаз тұра, қанат қағар үясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының омір тіршілігіне байланысты. Өсірессе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран үяда не корсе, үшканды соны іледі» той. Бала омірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мұлденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ен алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай карайтындығына байланысты.

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауга тиісті болған. Фасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарасын-жараспасын киімдерді киоі, өміріміздің бір большегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады деп сөзін аяқтады.

М.Аметовадан кейін ұлдар кенесінің төрагасы Н.Оспан сөзге шықты.

Ержігіттің қалай болу керектігі, ел -жұрт, ұлken кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, әйелдер мен балаларға қалай қамқорлық жасау, отбасы мен ел-жұртына қалай ұлғі-өнеге болу, қын сәттер мен ел басына күн туған сын сағаттарда қалай ерлік көрсетіп, қалай азаматтық таныту секілді істерге бағыт-бағдар беру.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абырайлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсаарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі жасы кішісінің ұлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, ұлken тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде. Қазақ отбасындағы ұлкенді құрметтеу әдеті жауапкершілік, адамгершілік сезімдерін тұғызған. Дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абырайлы әкеге, ұлғілі отағасына, қадірлі агаларына байланысты. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қай халықта болмасын, ұл бала тәрбиесі – әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»

дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін алдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесін, болашақ әкесін, арқа сүйер жарсын, отбасының асыраушысын, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған. Халқымыз ер баланың 12-15 жасынан бастап, оның алдында өмірдің дайындаған талай қыын-қыстау шақтары мен қуанышты сәттері бар екендігін ескере отырып, «Аты аталмаған жігітten аты аталған төбе артық» деп на мыстындыратын, «Айтсан, үйде туып, түзде өletін жігіттерді айт» деп таңдандыратын, «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп шамдандыратын, «Ерді на мыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ерлік білекте емес, жүректе» деп қайраттандыратын, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп сеніміне шек келтірмейтін, «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді» деп армандастын еді халқымыз. Қазақтың ұлы ойшыл ғұламаларының бірі Ж.Баласағұни өзінің «Құтты білік» дастанында балаға тәрбиені отбасында бер, «ақ мандалы ұл-қызы туса, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма» деп келер үрпаққа өснет ете отырып, баланы жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке баулу арқылы жаңы мен тәні сабактас жетілген парасатты үрпақ өсіретінімізді атап көрсеткен. Ұлдар кеңесінің төрағасы Н.Оспан өз сөзін осылай деп қорытындылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мектеп психологі А.Сармантаева мен Р.Дүйсенова ата-аналардан сауалнама алып, психологиялық тренинг өткізді.

Шешім:

1. 2022-2023 оку жылына қойылған мақсат міндеттерді назарға алынсын.
2. Ата-ана отбасылық тәрбиеге көніл аударсын.
3. Оқушылар сабактан себепсіз калмауын, кешікпеуін, қымбат бұйымдар әкелмеуін ата- аналар қатаң қадағаласын.

Жиналыс төрағасы:

М.Дүйсенов

Хатшы:

Н.Рахымбаева